

**«Батыр» жекеменшік балабақшасы**  
**№2 ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС ХАТТАМАСЫ**

Өткізілген күні: 12 желтоқсан 2023 жыл

Өткізілген орны: АКТ зал

Қатысқандар: 8 педагог

Төраға: А.Овезова

Хатшы: Ж.Ибрагимова

**КҮН ТӘРТІБІ**

1. Педагогикалық әдеп және педагогикалық такт.
2. Кеңес: «Педагогикалық әдеп және сөйлеу мәдениеті».
3. Педагогтардың кәсіптік ортадағы әдеп-этикалық нормалары.

Бірінші мәселе бойынша

Тыңдалды:

Балабақша меңгерушісі Овезова педагогикалық әдеп пен педагогикалық ұғымдарының мәніне тоқталды. Педагогтің кәсіби мәдениеті, баламен, анамен және әріптестермен қарым-қатынастағы этикалық қағидалары жақсы түсіндірілді. Педагог мәртебесі туралы заң талаптары, педагогтің мінез-құлқы, сыртқы келбеті, сөйлеу әдебі және қызметтік жауапкершілігі кеңінен талқыланды. Педагогтер өз тәжірибелерімен бөлісіп, түрлі педагогикалық жағдайларды шешу жолдарын ұсынды.

Қаулы:

1. Педагогикалық әдеп қағидалары күнделікті жұмыста басшылыққа алынсын.
2. Балалармен және ата-аналармен қарым-қатынаста педагогикалық такт сақталсын.
3. Педагогтердің кәсіби мәдениетін жетілдіру жұмыстары жалғастырылс

Екінші мәселе бойынша



Тыңдалды:

Әліскер Ибрагимова «Педагогикалық әдеп және сөйлеу мәдениеті» тақырыбында кеңес өткізді. Педагогтің анық, сауатты әрі әдеби тілде сөйлеуі, дауыс ырғағын дұрыс қолдануы, сөздік қорын байытуы, ресми және бейресми қарым-қатынаста сөйлеу мәдениетін сақтау мәселелері қарастырылды. Логопед сөйлеу мәдениетін жетілдіруге байланысты практикалық ұсыныстар берді.

Қаулы:

1. Сөйлеу мәдениетін жетілдіру жұмыстары тұрақты жүргізілсін.
2. Әдеби тіл нормаларын сақтау міндеттелсін.
3. Ата-аналармен қарым-қатынаста кәсіби сөйлеу әдебі сақталсын.

Үшінші мәселе бойынша

Тыңдалды:

Балабақша меңгерушісі педагогтердің кәсіптік ортадағы әдеп-этикалық нормалары туралы баяндама жасады. Ұжымдағы өзара сыйластық, кәсіби ынтымақтастық, қызметтік әдеп, әлеуметтік желідегі мәдениет, еңбек тәртібі және кәсіби имидж мәселелері қарастырылды. Педагогтер пікір алмасып, ұжымдағы қолайлы психологиялық ахуалды сақтау бойынша ұсыныстар айтты.

Қаулы:

1. Педагогтердің әдеп кодексі сақталсын.
2. Ұжымдағы ынтымақтастық нығайтылсын.
3. Кәсіби этика талаптарын сақтау тұрақты бақылауға алынсын.

### ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕСТІҢ ШЕШІМІ

Күн тәртібіндегі барлық мәселелер қаралып, бірауыздан мақұлданды.

Қабылданған шешімдердің орындалуы балабақша әкімшілігінің бақылауына алынсын.

Төраға:

А.Овезова

Хатшы:

Ж.Ибрагимова

